

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

5. Новиков А.М. Педагогика: словарь системы основных понятий. – М.: Издательский центр ИЭТ, 2013. – 268 с.
6. Белгібаева Г.Қ. Мектепжасына дейінгі балаларды табиғат пәнін таныстыру теориясы мен әдістемесі. – Қарағанды: «MedetGroup» ЖШС, 2019.- 204 б.
7. Метербаева К.М. Формирование связной речи детей через ознакомление с окружающим миром: Учебно-методическое пособие. – Алматы, 2000.

ӘОЖ 37.013.42

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Шарапатова Роза Жамбылқызы

roza.sharapatova_03@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-і, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 3-курс студенті, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Шалғынбаева Қ. Қ.

Әлеуметтік педагогика – жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін зерделейтін, сонымен қатар, әлеуметтік ортаның нақты шарттарын есепке ала отырып, жеке тұлғаға тәрбие беруді оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлейтін педагогика ғылымының бір саласы [1]. Сонымен қатар, жеке тұлғаны тәрбиелеуде қолайсыз жағдайлардағы балалар мен жастарға көмек көрсетуге бағытталған білім берудің бір бағыты.

Әлеуметтік педагогтің бүгінгі таңда қызмет ету салалары өте ауқымды. Олар: білім беру ұйымдарында, жастар ісі жөніндегі мекемелерде, денсаулық сақтау мекемелері (балалар ауруханалары, психикалық ауру балалардың арнайы ауруханалары, наркоман балалар санаторийлері, оңалту орталықтары және т.б.), халықты әлеуметтік қорғау мекемелері, ішкі істер бөлімі жүйесіне қарайтын мекемелер. Бұл аталған мекемелерде жұмыс істейтін әрбір әлеуметтік педагог алдымен диагностикалық жұмыстарды жүргізеді, проблемаларды айқындап, олардың себептерін түсіндіреді. Сонымен қатар әлеуметтік педагог барлық әлеуметтік мекемелердің тәрбиелік мүмкіндіктері мен өте жақсы таныс болуы керек. Әлеуметтік педагог жұмыс істейтін мекемелер мемлекеттік- қоғамдық сипатта болуы мүмкін [2].

Осы тұрғыдан қарағанда, әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінде көшбасшылық қасиет өте маңызды рөл атқарады. Себебі, әлеуметтік педагогтардың бойындағы көшбасшылық қабілет - ол балалар мен жасөспірімдер, студент жастар мен ересектерді де шабыттандырып, ынталандырып, қолдау көрсетіп, сүйемелдеу, кеңес беру қызметтерінде айқын көрініс береді. Біздің ұсынып отырған зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі, әлеуметтік педагогикадағы көшбасшылықтың негізгі аспектілері және оның оқу-тәрбие процесіне әсерін қарастырумен айқындалады.

Әлеуметтік педагогтардың көшбасшылық қабілеті - білім беру ұйымдарындағы ұжымдық жұмысты дамытуға, сондай-ақ жас ұрпақты табысты оқыту мен тәрбиелеуге жағдай жасауға бағытталған. Сондай-ақ, балалармен және оқушы жастармен тиімді, сенімді қарым-қатынас орнату, олардың әлеуетін дамыту және қиындықтарды жеңуге көмектесуді қамтиды. Бұл саладағы көшбасшыларда эмпатия, бейімделу, коммуникативті дағдылар және командада жұмыс істеу қабілеттері басым болуы керек.

Мәселен, әлеуметтік педагогтардың көшбасшылық қасиеттерінің негізгі аспектілерінің бірі – балалар мен жастарды өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруына ынталандыруы. Өздері көшбасшы ретінде үлгі болып, жоғары моральдық принциптер мен құндылықтарды көрсетуі керек. Олар қиын жағдайға тап болған балалар мен жастарды қолдауға, проблемаларды шешуге және мақсаттарына жетуге көмектесуге дайын болуы керек. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогикалық көшбасшылық – білім беру ұйымдарындағы педагогикалық

ұжымға көмек пен қолдау көрсету мүмкіндігін де болжайды. Көшбасшылар оң командалық ортаны құра білуі, қақтығыстарды тиімді басқаруы және мәселелерді шеше білуі маңызды. Тіптен, өз әріптестерін қолдауға және оқытуға және олардың кәсіби дағдылары мен құзыреттерін дамытуға көмектесуге де дайын болуы тиіс.

Көшбасшылық әлеуметтік педагогикада маңызды рөл атқарады, өйткені ол адамдардың әртүрлі топтарымен табысты жұмыс істеу үшін қажетті дағдылар мен қасиеттерді дамытуға және нығайтуға көмектеседі. Демек, әлеуметтік педагог көшбасшы ретінде - клиенттермен, әріптестермен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен тиімді қарым-қатынас жасау үшін белгілі бір дағдылар мен сипаттамаларға да ие болуы керек.

Ең бірінші атап өтетін нәрсе – көшбасшы әлеуметтік педагог, басқаларды шабыттандырып, ынталандыруға қабілетті, білім алушыларға білім беру және қоғамдық іс-шараларға қатысуға дайын болуы үшін сенім мен қолдау атмосферасын құра білуге, айқын мақсаттар қоя білуі және оған жету үшін кәсіби іс-әрекет жоспарларын жасауға көмектесуі керек.

Әлеуметтік педагог қызметіндегі көшбасшының екінші маңызды қасиеті – эмпатия және түсіну. Жетекші әрбір білім алушының жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін түсініп, құрметтей білуі керек. Ол жеке және әлеуметтік дамуға ұмтылған білім алушыларды тыңдауға және қолдауға дайын болуы керек. Көшбасшы сонымен қатар білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзінің жұмыс тәжірибесін бейімдеуге дайын болуы керек.

Әлеуметтік педагог қызметіндегі көшбасшының үшінші маңызды қасиеті – коммуникативті дағдылар. Көшбасшы білім алушылармен, әріптестермен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен тиімді қарым-қатынас жасай білуі, басқаларды тыңдауға дайын болуы және өз ойлары мен идеяларын анық жеткізе білуі маңызды. Көшбасшы сонымен қатар ұжымдық шешімді қажет ететін жағдайларда жанжалдарды шешуге және ымыраға келуге қабілетті болуы тиіс.

Әлеуметтік педагог қызметіндегі көшбасшының төртінші маңызды қасиеті - өзін-өзі дамыту және өзіндік рефлексия жасау қабілеті. Көшбасшы соңғы үрдістер мен тәжірибелерден қалыс қалмау үшін өзінің дағдылары мен білімін үздіксіз дамытуға дайын болуы керек. Ол сондай-ақ өз жұмысын талдауға және жақсарту жолдарын іздеуге дайын болуы керек. Көшбасшы кері байланысты қабылдауға және оны дамыту үшін пайдалануға дайын болуы.

Осы жоғарыда аталған талдауларға біз сапалық және сандық әдістерді қолдандық. Білім берудегі көшбасшылық, оның ішінде әлеуметтік педагогика тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Сондай-ақ білім беру контекстіндегі көшбасшылық туралы көзқарастарды анықтау үшін тәрбиешілермен, білім беру әкімшілерімен және студенттермен сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізілді. Зерттеу деректері статистикалық әдістерді қолдану арқылы талданды. Бұл саладағы зерттеулерге қарасақ, әлеуметтік педагогикадағы табысты көшбасшылықты анықтайтын бірнеше негізгі тармақтар бар.

Дегенмен, тиімді көшбасшылық үшін жеке қасиеттердің өзі жеткіліксіз. Білім беру мекемелеріндегі ұжымдық жұмысты ынталандыратын процестер мен құрылымдар маңызды. Рөлдер мен жауапкершіліктерді бөлу, ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің нақты негізін құру, сондай-ақ кері байланыс механизмдерін құру әлеуметтік педагогиканың көшбасшылық моделінің табысты жұмыс істеуі үшін қажетті элементтер болып табылады. Әлеуметтік педагогикадағы көшбасшылықтың тағы бір маңызды аспектісі – жас ұрпақтың табысты оқуы мен білім алуына қолайлы жағдай жасау. Көшбасшы әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, әркім өзінің әлеуетін толықтай жүзеге асыра алатын ынталандырушы білім беру ортасын құруы керек. Сонымен қатар, көшбасшы білім беру мекемелері кездесетін үнемі өзгертін талаптар мен қиындықтарға бейімделу үшін өзгерістер мен инновацияларды қабылдауға дайын болуы керек.

Ғалымдардың әлеуметтік педагог жұмысындағы көшбасшылық туралы көзқарастары олардың теориялық көзқарасы мен зерттеушілік қызығушылықтарына байланысты әртүрлі

болуы мүмкін. Дегенмен, кейбір ғалымдар әлеуметтік педагог қызметіндегі көшбасшылықтың келесі аспектілерін атап көрсетеді:

Бірінші Американдық атақты автор және көшбасшылық саласындағы сарапшы Джон Максвелл әлеуметтік педагогтың эмоционалдық интеллектінің және оның басқаларға әсер ету қабілетінің маңыздылығын атап көрсетеді[3].

Екінші Вашингтон университетінің психология және менеджмент профессоры Брюс Аволио әлеуметтік педагогтың клиенттерді өзгертуге шабыттандыратын және ынталандыратын трансформациялық көшбасшылық стилі болуы керек деп санайды. [4].

Үшінші әйгілі американдық әлеуметтік педагог және зерттеуші Элис Виттен клиенттермен тиімді жұмыс істеу үшін әлеуметтік педагогта зерттеушілік және көшбасшылық дағдыларды дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді [5].

Төртінші ғалым, Джеймс Камминс – канадалық психолог және педагог ғалым, клиенттер өздерін жайлы сезінетін және өз әлеуетін жүзеге асыра алатын қауіпсіз және қолдаушы ортаны құрудағы әлеуметтік педагогтың рөліне назар аударады [6].

Зерттеушілердің пікірлері айтарлықтай әртүрлі болуы мүмкін және бұл ұстанымдар әлеуметтік педагог жұмысындағы көшбасшылыққа деген көптеген көзқарастардың бірнешеуін ғана білдіретінін ескеру маңызды.

Осылайша, әлеуметтік педагогикадағы көшбасшылық жоғары сапалы білімге қол жеткізудің маңызды факторы болып табылады. Ол мұғалімдерге, оқушыларға және бүкіл білім беру жүйесіне әсер ете алады, мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, өскелең ұрпақтың табысты оқуы мен білім алуына жағдай туғызады, сонымен қатар білім беру ұйымдарында ұжымдық жұмысты дамытуға ықпал етеді. Әлеуметтік педагогикадағы көшбасшылықты зерттеу бұл құбылыстың негізгі аспектілерін және оның оқу-тәрбие процесіне оң әсерін анықтауға көмектеседі.

Сонымен, әлеуметтік педагогикадағы көшбасшылықты зерттеу көшбасшылардың оқу-тәрбие процесіне әсер ету механизмдерін тереңірек түсінуге және оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін педагогикалық жұмысты оңтайландыру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, көшбасшылық әлеуметтік педагогикада маңызды рөл атқарады, өйткені көшбасшылар студенттерді де, педагогикалық ұжымды да шабыттандырып, ынталандырып, қолдау көрсете алады. Бұл саладағы көшбасшыларда эмпатия, бейімделу, коммуникативті дағдылар және командада жұмыс істеу қабілеті болуы керек. Олар қиын жағдайға тап болған балалар мен жастарды қолдауға, проблемаларды шешуге және мақсаттарына жетуге көмектесуге дайын болуы керек. Сондай-ақ басшылар педагогикалық ұжымға көмек пен қолдау көрсете білуі, ұжымда жағымды ахуал туғызуы және әріптестерінің кәсіби дағдыларын дамытуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. Республикалық-ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. № 3. 2016, 25-27 б.
2. Қ. Т. Әтемова, Әлеуметтік педагогика. Оқулық, Дәуір, 2012, 36 б.
3. Смит, Д. (2017). Лидерство в социальной педагогике. Журнал социальной педагогики, 10(2), 45-56.
4. Bass, B. M. (1990). From transactional to transformational leadership: Learning to share the vision. *Organizational dynamics*, 18(3), 19-31.
5. Leithwood K., Day C., Harris A. (2006). What we know about successful school leadership. University of Nottingham, UK.
6. Sergiovanni, T. J. (2007). Rethinking leadership: A collection of articles. SAGE Publications.